


*Ә.Молдағұлова атындағы
№29 жалпы орта мектебі*

Қазақ әдебиеті



*Пән мұғалімі: Тогалова Толқын
Іс-тәжірибеші: Әбдірайым Айсәпар*

Он алтыншы наурыз
Сынып жұмысы



Тақырыбы:

“МЕН ҚАЗАҚПЫН”


ПОЭМАСЫ

Мұқан Мауралиев

Жұбан Молдағалиевтың өмірбаяны

Жұбан Молдағалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысында Сайқұдық деген жерде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы. Орал ауыл шаруашылық техникумын бітірген (1940). 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1942 - 52 ж. майдандарда қазақ тілінде шығып тұрған «Отан үшін», "Майдан шындығы", "Жеңіс жалауы" газеттерінің редакцияларында түрлі қызметтер атқарды. 1948 - 83 ж. "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, "Қазақ әдебиеті" газетінде редактордың орынбасары, 1958 - 63 ж. "Жұлдыз" журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші, бірінші хатшысы болған.







Ж. Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы - «Мен – қазақпын» поэмасы (1964).

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары жарық көрген туынды қазақ ұлтының өзі туралы поэмалық жариялауы болды.

Бұл поэмада ақын қазақ халқының өткен өмірі мен тағдыры жайлы лирикалық-публицистикалық стильде толғана жырлады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ашуда, оның ерлік дәстүрі, туған жер мен ел, оның байлығы, адамдары жайлы асқақтата көркемдеп жырлай білді.



VID-20180309-WA0021.mp4



*Мен - қазақпын мың өліп, мын тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.*

*Мен - қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.*

*Мен - жігітпін, айқасқа, сынға асықпын
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.*

Жұбан — өзінің атақты "Мен — қазақпын" деп аталатын поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналған, отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын тепкен ақын. Ол — Ұлы Отан соғысы жылдарында келген ұрпақтың ірі талантты өкілдерінің бірі. Бұл жылдары жыр әлеміне келген ақындар шығармашылығында Отанға деген ерекше махаббат, халықты ерлікке шақыру, жеңіске деген үлкен сенім жатты. Сондай-ақ азаматтық намыс, кек, елге, жерге деген сағынышқа толы болды. Осы ерекшеліктер Жұбан Молдағалиевтің 1949 жылғы "Жеңіс жырлары" кітабында анық байқалады Ж. Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы — "Мен — қазақпын" поэмасы (1964

Өзінің "қазақ" екенін ағынан жарыла ерекше шабытпен жырлауы — оның ерлігінің бір көрінісі десек қателеспейміз.

"Қазақ болу — зор бақыт" дер күн тіпті... — деген өлең жолдары бүгінгі "егемендікті" жыр еткендей әсерге бөлейді. Ақын болашаққа сенеді. Сондықтан да ол ақынша желпіне, көңіл күйдің ырқына беріле жырлайды. Енді бірде ақын:

Жұбан Молдағалиев өмір шындығының әр саласына терең үңіле отырып, жетпісінші жылдары "Қыран дала", "Сел", "Байқоңыр баспалдақтары" атты поэмалар жазды. Мұнда жаңа деректерге сүйенген ақын, заман шындығын, адамдардың ерлік істерін суреттейді. Халықтың бейбіт өмірдегі тыныс-тіршілігін айқындап, тарихи салыстырулар арқылы өткен өмір және болашақ жайлы толғаныстарын, өз ойларын толық ашып көрсетеді. Эпикалық поэма үлгісін жалғастырып, толықтыра түскен ақынның қай поэмасы болмасын, қызық сюжетті, оқиғалы болып келеді.

Мен қазақпын



Мен кіммін?

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

№ жылдар **мәліметтер**

1.

2.

3.

4.

5.

6.

7.

Үй

тапсырмасы:

Тахауи

Ахтанов

Ашық

**Назарларыңызға
рақмет!**

